

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы ұлттық патент ведомствосының шағым арыз кеңесінде дауларды қарау тәртібі туралы Ереже

Күшін жойған

Қазпатент Төрағасының бұйрығымен бекітілді 1995 жылғы 4 қыркүйектегі N 22 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 21 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 98. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2001 жылғы 1 қарашадағы N 69 бұйрығымен. ~V011712

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосының Қазақстан Республикасы Патент Заңының 22, 29 баптарында және Қазақстан Республикасының "Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауар шығу жерінің атаулары туралы" Заңының Z932800_12 және 28 баптарында қарастырылған Шағым арыз Кеңесі (бұдан әрі - "Шағым арыз Кеңесі" Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Патент ведомствосының (Қазпатент) дауларды қарау жөніндегі мамандандырылған бөлімшесі болып табылады.

1.2. Шағым арыз Кеңесі өз қызметінде:

- Қазақстан Республикасының заңдарын;
- Өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғау саласында Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар мен келісімдерді;
- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосының Шағым арыз Кеңесі қызметіне қатысты нормативтік актілерін;
- Шағым арыз Кеңесінің Жарғысын;
- Шағым арыз Кеңесінде дауларды қарау тәртібі туралы осы Ережені (бұдан әрі - "Ереже") басшылыққа алады.

1.3. Осы Ереже Шағым арыз Кеңесінде дауларды қарау тәртібін реттейді. Ережеде белгіленген нормалар мен процедуралар жиынтығы Шағым арыз Кеңесінің, Қазпатенттің барлық лауазым иелеріне, арыз берушілерге және Шағым арыз Кеңесінде дауларды қараудағы барлық қатысушылар үшін міндетті болып есептеледі.

1.4. Шағым арыз Кеңесіне Қазақстан Республикасы және басқа елдердің кез келген мүдделі заңды тұлғасы мен жеке адамы өзінің заңды мүддесі мен құқына нұқсан келуінің қорғалуы үшін жүгінуге құқылы.

1.5. Шағым арыз Кеңесі мүдделі адамдар немесе олардың заңды өкілдері түсірген наразылықты қарау жөніндегі арызын қарағанда:

- арыз берушінің атауы, оның мекен-жайы, нақты адресі және басқа да реквизиттері, Қазақстан Республикасына немесе басқа елге қатыстылығы;

- даудың мәні, арызға қатысты әрекет, әрекетсіздік, немесе Қазпатенттің лауазым иелерінің шығарған шешімі;

- ұсынылған және оған барлық қарсы қойылған объектілердің (қорғау құжатын беруден бас тартқанда) салыстырмалы анализімен қоса арыз берушінің барлық мотивтері мен дәлелдерінің толық көрсеткіші;

- арыз берушінің пікірі бойынша оның талаптары мен наразылықтарының негізі болып табылатын жағдайдың дәлелдері мен негіздері;

- дау тақырыбы бойынша арыз берушінің нақты талабы көрсетілуге тиіс.

Арыз ұқсас екі данамен беріледі.

1.6. Дауларды шешу Шағым арыз Кеңесі Төрағасының (мұнда және бұдан әрі оның немесе оның орынбасарларының) жарлығымен тағайындалған Шағым арыз Кеңесінің құрамында үш мүшесі бар алқасының Шағым арыз Кеңесінде жүргізіледі. Мүшелердің бірі-зерделік және өнеркәсіптік меншік саласындағы құқық қорғауға байланысты дауларды шешуде тәжірибелі кәсіби заңгер, ал қалған екеуі - дау тақырыбына қатысты техника мен өндіріс салаларында көпке танылған мамандар және патент ісінде белгілі тәжірибелер болуы керек. Қазпатент Төрағасы шағым арыз алқасының жеке құрамы құпиялығын дау тыңдалуының басталу сәтіне дейін қамтамасыз етеді. Шағым арыз мүшелері осы мәселелер жөнінде шешім қабылдағанына немесе қабылдамағанына қарамастан Шағым арыз Кеңесінде қаралған мәселелерге байланысты дауларға қатысты соттарда заңды тұлғалар мен жеке адамдардың патенттік сенімді өкілдері мен адвокаттары, өкілдері бола алмайды.

1.7. Дауларды шешу кезінде шағым арыз алқасының мүшелері тәуелсіз және қабылданған ұйғарымдар мен шешімдердің дәлелдігі мен заңдылығын қамтамасыз ете отырып, қатаң заңды негізде әрекет жасайды.

1.8. Шағым арыз Кеңесінде дауларды шешу барлық қатысушылардың Заң мен Шағым арыз Кеңесі алдында олардың бағыныштылығына, тұрған орнына, меншіктік нысанына, қай елге жататындығына және басқада жағдайларға қарамастан тең тұрғыда жүзеге асырылады.

1.9. Шағым арыз Кеңесі жұмысының жариялылығы шешімдердің жариялануы немесе олардың Қазпатент ресми басылымдары мен Шағым арыз Кеңесінің ресми бюллетендерінде мазмұндалуымен қамтамасыз етіледі.

1.10. Шағым арыз Кеңесінде дауларды қарау кезінде коммерциялық және қызметтік құпиялардың жария болуының алдын алу мақсатында кез келген дауға қатысушының талабымен шағым арыз алқасы дау қараудың құпиялығы туралы

шешім шығарады. Мұндай жағдайда шағым арыз алқасының мәжілісіне жіберілген барлық дауға қатысушылар даудың Шағым арыз Кеңесінде қаралуына байланысты өздеріне мәлім болған қызметтік немесе коммерциялық құпияларды құрайтын нақты мәліметтердің құпиялылығы (жария етпеу) туралы міндеттеме береді.

1.11. Шағым арыз Кеңесіндегі іс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін дауға қатысушы адам дау материалдарымен танысуға және шағым арыз алқасының қызметіне аудармашы арқылы қатысуға және Шағым арыз Кеңесінде қазақ және орыс тілдерінде сөйлеуге құқылы.

1.12. Шағым арыз Кеңесінің Төрағасы шағым арыз алқасы қызметіне бақылау, шағым арыз алқасы ұйғарымдары мен шешімдерінің заңдылығы мен дәлелдігіне тексеру жүргізеді, шешімді қайта қарау осы Ережеде қарастырылған тәртіппен жүргізіледі.

1.13. Шағым арыз алқасының ұйғарымы олар қабылданған бойда күшіне енеді және міндетті түрде орындалуға жатады.

Шағым арыз алқасының шешімі барлық дауға қатысушыларға берілген сәттен бастап осы Ережеде қарастырылған тәртіппен қайта шағым түспеген жағдайда 10 күннен кейін күшіне енеді.

Күшіне кірген шағым арыз алқасының шешімі Қазпатенттің барлық ұйымдары мен лауазым иелерінің міндетті орындауына жатады.

1.14. Шағым арыз кеңесінің шешімімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған тәртіппен тараптардың кез келгені шешім қабылданған сәттен бастап алты ай ішінде сотқа шағым беруге құқылы.

1.15. Шағым арыз Кеңесі дау ретінде мыналарды қарайды:

- Өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгілеріне алдын ала патенттен және пайдалы моделдерге патенттер берілуден бас тарту туралы, сондай-ақ өнертабыстарға, пайдалы моделдерге, өнеркәсіп үлгілеріне, тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілері және тауар шығу жерлерінің атауларына өтінімдер қарауды қабылдаудан бас тарту туралы;

- өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгілеріне патент беруден бас тарту туралы шешімге наразылық, сондай-ақ өтінім мәні және арыз берілген белгілер сараптамасы нәтижелері бойынша қабылданған тауар таңбаларын, қызмет көрсету белгілерін, тауар өндірілетін жер атауларын тіркеуден бас тарту туралы;

- Қазақстан Республикасында қызмет ететін өнертабыстарға КСРО авторлық куәліктері және өнеркәсіп үлгілеріне КСРО куәліктеріне қарсы өнертабыстар мен пайдалы моделдерге алдын ала патенттер және өнертабыстарға, өнеркәсіп үлгілеріне және пайдалы моделдерге патенттер беруге қарсы және адамдар мен заңды тұлғалардың наразылығы, сондай-ақ тауар таңбаларын, қызмет көрсету белгілерін, тауар шығу жерінің атауларын тіркеуге және тауар шығу жерінің

атауларын пайдалану құқығына куәлік беруге қарсы наразылықтар;
- лицензиялық шарттарды тіркеуден бас тартуға жеке адамдар мен заңды тұлғалардың наразылығы;

- тараптардың бірі Қазпатент, ал шағым беру тақырыбы Қазпатенттің лауазым иелері қабылданған шешім, әрекет немесе әрекетсіздік болып табылатын басқа да даулар.

1.16. Шағым арыз Кеңесінің қарауына жатпайтын даулар:

- қызметкердің қызметтік міндетіне қатысты немесе қызметкердің кәсіпорын ерекшелігін құрайтын техникалық білім немесе құралдарының көмегімен жүзеге асырылған өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгісіне алдын ала патент, пайдалы моделге патент алу құқығы туралы;

- жұмыс берушінің өнеркәсіп меншігі объектісін пайдаланғаны үшін авторлық сыйақы құқығы туралы;

- жұмыс берушінің алдын ала патент және (немесе) патент алуы;

- жұмыс берушінің алдын ала патент және (немесе) патент алу құқығын басқа адамға беруі, жұмыс берушінің тиісті объектіні құпия сақтау туралы шешім қабылдауы, немесе жұмыс берушіге байланысты себептермен жұмыс беруші берген өтінім бойынша алдын ала патент және (немесе) патент алынбауы;

- жұмыс берушінің немесе автордың өтінім беру құқығын басқа адамға беруі;

- қызметтік міндет аумағында жасалынған өнеркәсіп меншігі объектісін жұмыс берушінің жеке өз өндірісіне пайдалану құқығы;

- өзімен шарт жасасудан бас тартқан жағдайда автордың сыйақы немесе өтемақыға құқығы туралы;

- алдын ала патент немесе патентті бірнеше адамға қатысты өнеркәсіп меншігі объектісін пайдалану туралы өзара қарым-қатынастарын туындаған даулар;

- мәжбүрлік лицензия алу құқығы туралы;

- егер патент иесі өнертабысты, пайдалы моделді, өнеркәсіп үлгісін өзге патент иесінің құқығына нұқсан келтірмейтін пайдалана алмаған жағдайда лицензиялық шарт жасау құқығы туралы;

- өнертабысқа, пайдалы моделге, өнеркәсіп үлгісіне авторлық туралы;

- патент иесін анықтау туралы;

- өнеркәсіп меншігінің қорғалатын объектісін пайдалануға ерекше құқықты бұзу және патент иесінің басқа да мүліктік құқылығы туралы;

- алдымен пайдалану құқығы туралы;

- тауар шығу жерінің атауын пайдалану құқығы туралы тауар таңбалары мен куәлік иелерінің құқығына нұқсан келуіне байланысты даулар;

- тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілеріне патент пен куәліктен

туындайтын құқық қорғауға байланысты басқа да даулар;

- берекесіз бәсекеге байланысты даулар.

2. Шағым арыз процесіне қатысушылар

2.1. Тараптар және үшінші жақтар шағым арыз ісіне қатысушылар болып табылады. Шағым арыз Кеңесіндегі дауларды қарау кезінде тараптардың әрбірі тең процессуалды құқық пен міндетті пайдаланады.

2.2. Шағым арыз ісіне қатысушылар төмендегідей құқықтарды пайдаланады:

- іс материалдарымен танысып, олардан үзінділер жазып алады, олардың көшірмелеріне тапсырыс береді және ала алады;
- дәлелдер келтіреді;
- дәлелдерді зерттеуге қатысады;
- шағым арыз процесіне қатысушыларға сауалдар қояды;
- өтініштер жасай алады;
- шағым арыз алқасына ауызша және жазбаша түсініктер береді;
- шағым арыз процесі барысында туындаған өзінің дәлелдері мен ойларын айта алады;
- іске қатысушы басқа адамдардың өтініштеріне, дәлелдеріне және ойларына наразылық білдіре алады;

- Шағым арыз алқасы шешімінің заңдылығы мен дәлелдігін тексеру туралы өтініш жасайды және осы Ережеде қарастырылған басқа да процессуалды құқықтарды пайдалана алады.

Іске қатысушы адамдар өздеріне тиісті процессуалды барлық құқықтарды адал пайдалануға міндетті.

Өз құқығын пайдаланудағы кез келген әділетсіздік немесе дауды қарауға маңызды жағдайлар мен фактілерді жасыру қарсы жақтың пайдасына жатқызылды.

2.3. Егер бір дау төңірегінде Шағым арыз Кеңесіне бірнеше арыз беруші шағымданса, онда процесте қарсы жаққа олар бір тарап ретінде көрінеді. (Бірге арыз берушілер). Бірге арыз берушілер осы Ереженің 2.5. тармағына сәйкес іс жүргізуді қатысушылардың біріне жүктеулері мүмкін. Егер Шағым арыз Кеңесіне бір дау төңірегінде бірнеше арызшы әрқайсысы жеке арызданса, онда бұл арыз берушілер қарсы жаққа процесте дербес көрінеді.

2.4. Тараптардың бірінің тартылуы, қайта құрылуы, басқа да заңды себептермен шығып қалуы жағдайында шағым арыз алқасы дәлелді өтініші бойынша бұл тарапты оның заңды мұрагерімен, мұрагерімен және т.б. жеке

ұйғарым шығару жолымен алмастырады. Заңды мұрагерлік осы процесті әу басынан қайта жаңғыртпастан шағым арыз үрдісінің кез келген кезеңінде мүмкін болады.

2.5. Өкілеттіліктері тиісті рәсімделген сенімхатпен бекітілген жеке адамдар шағым арыз процесінде тараптардың өкілдері болып таңылады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке адамдар немесе шетелдік заңды тұлғалар немесе олардың патенттік сенімді өкілдері егер келісімдермен және халықаралық шарттармен өзгедей тәртіп белгіленбесе, наразылық білдіреді, сол бойынша Шағым арыз Кеңесімен хаттар жазысады және Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкілдері арқылы мәжілістерге қатысады.

Өкіл арқылы берілген наразылыққа (оның ішінде патенттік сенімді өкілге де) наразылық білдірушіге нотариалды рәсімделген қолхат қоса салынады.

2.6. Дау тақырыбы бойынша дербес талап қоюшы үшінші жақ шағым арыз алқасы дау жөнінде шешім қабылданған сәтке дейін Шағым арыз Кеңесіне арыз беру арқылы іске дербес қатыса алады. Олар тараптардың барлық құқықтары мен міндеттерін пайдаланады.

2.7. Дау тақырыбы бойынша дербес талап қоймайтын үшінші жақ шағым арыз алқасына егер шешім тараптардың кез келгенінің құқығы мен міндетіне ықпал жасаса дау жөнінде шешім қабылданған сәтке дейін тараптардың бірінің жағында шағым арыз ісіне қатыса алады. Олар шағым арыз процесіне тараптардың өтініші немесе шағым арыз алқасының бастамашылығымен де қатыстырылуы мүмкін. Дербес талаптар қоймаған үшінші жақ процессуалды құқықтарды пайдаланады және тараптардың процессуалды міндеттерін мойнына алады. Үшінші жақтың келмеуі дау шешіміне кедергі жасай алмайды.

2.8. Шағым арыз Кеңесінің Төрағасы шағым арыз алқасындағы кез келген даудың кез келген шағым арыз қаралуының кез келген уақытында қатынасуға құқылы.

2.9. Шағым арыз алқасы мемлекеттік және басқа да ұйымдарды қаралып отырған дауға қатысты мәселелерге қорытынды жасау үшін тартуы мүмкін.

3 . Д ә л е л д е р

3.1. Шағым арыз алқасы тараптардың талаптары мен наразылықтарына негіз болатын жағдайлардың барын яки соған белгілейтін фактілік дәлелдер, құжаттар, сондай-ақ даудың дұрыс шешілуіне маңызы бар басқа да жағдайлар шағым арыз процесінде дәлелдер болып табылады. Бұл дәлелдер: жазбаша және заттай айғақтармен, шағым арыз процесіне қатысушы тараптардың өкілдері және басқа да адамдардың түсініктерімен, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілердің

қорытындыларымен айқындалады.

3.2. Шағым арыз процесінде әрбір тарап өз талаптары мен наразылықтарына дәлел ретінде жүгінетін жағдайларын дәлелдеуге міндетті.

Дәлелді тараптар мен шағым арызға қатысушылар барлық қатысушыларға жазбаша түрде таратады.

Егер келтірілген дәлелдер жеткіліксіз болса, шағым арыз алқасы шағым арыз процесіне қатысушыларға қосымша дәлелдер келтіруді ұсынуы, немесе өз бастамасымен оларды жинап алуға құқылы.

3.3. Шағым арыз алқасы сол дауды шешуге маңызы бар дәлелдерді ғана қабылдайды. Дәлелдеудің белгілі құралдарына сүйенетін даудың жағдайы сол құралдармен дәлелденуі тиіс.

3.4. Шағым арыз алқасы жалпыға ортақ деп таныған жағдайлар дәлелдеуді қажет етпейді. Бір дауды шешу кезінде шағым арыз алқасы айқындаған фактілер сол тараптардың қатысуымен басқа дауларды шешу кезінде қайтадан дәлелденбейді.

3.5. Тараптарға қажетті дәлелді келтірудің қиындығы немесе мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол шағым арыз алқасынан осы дәлелдермен қамтамасыз етуді себебін көрсетіп сұрауға құқылы.

Дәлелмен қамтамасыз ету мұндай жағдайда ұйымдардан олардың шағым арыз ісіне қатынасына қарамастан құжаттар, мәліметтер мен қорытындылар талап ету жолымен, сондай-ақ сараптау жүргізу, объектіні сол орнында қарау және басқадай тәсілдермен объектіні Шағым арыз процесіне қатысуға тарту жолымен жүргізіледі.

3.6. Дәлелдермен қамтамасыз ету туралы арызда:

- қажетті дәлелдер;
- осы дәлелдерді растауға қажетті жағдайлар;
- арыз берушіні дәлелмен қамтамасыз етуге мәжбүр еткен себептер;
- осы дәлелдермен қамтамасыз етуге ұсынылатын тәсілдер, көрсетілуге тиісті.

3.7. Дәлелді елдің басқа жерінде, немесе басқа елде жинау қажет болған жағдайда шағым арыз алқасы нақты ұйымды, әдісті айқындап соған осы дауды шешуге қажетті дәлелдер жинауға шағым арыз тапсырмасын жүктейтін ұйғарым шығарады.

3.8. Шағым арыз алқасы тараптардың өтінішімен немесе өз бастамашылығымен олардың табылған жерінде байқау мен зерттеу жүргізуге құқылы. Дәлелді байқау мен зерттеу қорытындылары бойынша сол жерде хаттама түзіліп, оған шағым арыз алқасының мүшелері, талаптардың өкілдері, сондай-ақ байқауға басқа да қатысушылар қол қояды. Хаттама іске тіркеледі.

3.9. Даудың дұрыс шешімін шығаруға маңызды жағдайлар туралы

мәліметтері бар құжаттар түріндегі жазбаша дәлелдер түпнұсқа немесе расталған көшірме түрінде беріледі.

Егер дауды шешуге құжаттың бір бөлігі ғана құжат болса, одан расталған көшірмесі алынады. Ол шағым арыз процесі барысында расталуы мүмкін.

Қажет болған жағдайларда шағым арыз алқасы тараптардан құжаттардың түпнұсқасын талап етуге құқылы.

Жазбаша дәлелдер немесе оларды талап етуге өтініш білдіруші тараптар осы дәлелдермен іске маңызды қандай жағдайлар анықталуы мүмкін екендігін көрсетуге міндетті.

3.10. Дауды шешуге маңызды жағдайларды анықтауға көмегі тиетін макеттер, жұмыс істеп тұрған моделдер, үлгілер, сызбалар және басқа да заттар заттай айғақтар болып табылады.

Заттай айғақтар әкелген немесе оны талап етуге өтініш білдіруші тараптар осы дәлелмен іске маңызды қандай жағдай айқындалуы мүмкін екендігін көрсетуге міндетті.

3.11. Шағым арыз алқасы дау шешілгеннен кейін процеске қатысушылардың өтініштері бойынша қажет болған жағдайларда расталған көшірмелерін алған соң құжаттардың түпнұсқалары мен айғақ заттарын қайтарады.

3.12. Шағым арыз процесіне егер олар даудың мәні бойынша түсінік беруге шақырылса лауазым иелері мен ұйымның басқа да қызметкерлері қатыстырылуы мүмкін. Шағым арыз алқасының шешімі бойынша олар өздеріне белгілі мәліметтер мен іс жағдайы бойынша жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

3.13. Шағым арыз алқасы арнаулы біліктілікті қажет ететін мәселелер түйінін тарқату үшін өз ұйғарымымен тәуелсіз сараптама тағайындауға құқылы. Шағым арыз процесіне қатысушылар шағым арыз алқасына тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілер анықтайтын мәселелер қоюға құқылы. Тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілердің қорытындылары талап етілетін мәселелердің тобын шағым арыз алқасы ұйғарымдағы ұйғарыммен белгілейді. Іске қатысушы адамдар ұсынған мәселелердің қайтарып тасталғанын алқа дәлелдеуге тиісті.

3.14. Тәуелсіз сараптама жүргізу осыған қажетті білімі бар құзырлы мамандарға тікелей жүктелуі керек.

Тәуелсіз сарапшы дау материалдарымен танысады және шағым арыз процесіне қатысушылардан қосымша материалдар мен түсініктер сұрауға құқылы. Қажет болған жағдайларда тәуелсіз сараптама тараптардың өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

3.15. Тәуелсіз сарапшының қорытындысында:

- жүргізген зерттеулердің толық сипаттамасы;
- солардың нәтижелері бойынша шығарылған қорытынды;
- шағым арыз алқасының қойған сауалдарына дәлелді жауаптар болуға тиісті.

Алқаға қорытынды жазбаша түрде беріліп, көшірмелері тараптарға жіберіледі . Сарапшылардың кез келген күдігі тек арыз берушінің пайдасына шешіледі.

3.16. Егер тәуелсіз сараптама жүргізу кезінде дауды дұрыс шешу үшін маңызды ол турасында шағым арыз алқасы сауалдар қоймаған жағдайлар анықталса, қорытындысында тәуелсіз сарапшы сол жағдайлар бойынша қ о р ы т ы н д ы л а р ш ы ғ а р а д ы .

3.17. Тәуелсіз сарапшының қорытындысында толықтай айқындық немесе жетіспеушілік болған жағдайда шағым арыз алқасы қайталама сараптау белгілеп, оны басқа тәуелсіз сарапшыға немесе сарапшы комиссияға тапсыруға құқылы.

3.18. Шағым арыз алқасы барлық дәлелдеулерді даудың барлық жағдайларын жан-жақты, толық және объективті зерттелген негізге сүйеніп, әрі тек заңды басшылыққа ала отырып бағалайды. Шағым арыз алқасы үшін ешқандай дәлелдер алдын ала күшіне енген болып есептелмейді. Тараптардың бірінің талаптары немесе наразылықтарына негізделген фактілік мәліметтер мен жағдайларды екінші тараптың мойындауын, егер дауға бұл жағдайларға таласқа түсетін басқа да адамдар қатынасса, шағым арыз алқасы үшін міндетті болып е с е п т е л м е й д і .

Тәуелсіз сарапшының қорытындысы шағым арыз алқасында талқыланды және дау бойынша басқа да дәлелдермен бірге бағаланады. Тәуелсіз сарапшының қорытындысын шағым арыз алқасы жеткілікті дәлелдерін көрсете отырып қ а б ы л д а м а й т а с т а у ы м ү м к і н .

4. Шағым арыз шығындары

4.1. Шағым арыз шығындары мемлекеттік баж салығы және дау қарауға байланысты басқа да шығындардан тұрады.

4.2. Қазпатент пен оның құрамалық бөлімшелерінің шешімдері, әрекеті немесе әрекетсіздігі туралы арыздар, сондай-ақ шағым арыз алқасының шешімдері мен ұйғарымдарының заңдылығы мен дәлелдігін тексеру туралы арыздарға Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен ставкалар бойынша заңмен қарастырылғаннан басқа жағдайларда мемлекеттік баж салығы т ө л е н е д і .

Шағым арыз Кеңесі төтенше жағдайларда арызды мемлекеттік баж салығы төленбей-ақ қарауға қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайларда мемлекеттік баж салығы дау шешілгеннен кейін алынады.

4.3. Мемлекеттік баж салығын қайтару Шағым арыз Кеңесінде дауды қараудан бас тарту туралы дау қаралғанға дейін шағым арыз алқасына түскен а р ы з б о й ы н ш а жүргізіледі.

4.4. Дауларды қарауға байланысты шағым арыз шығынына жататындар:

- шағым арыз процесінде қорытынды жасауға немесе қатынасуға тартылған тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерге төленуге тиісті сомалар;
- материалдарды басқа тілге аудару үшін шығындар;
- дәлелдерді қарау және зерттеуге байланысты сол жерлерге барып келуге кеткен шығындар;
- дау қарауға байланысты басқа да шығындар.

4.5. Тәуелсіз сараптама мен кеңестер беру, ақы төлеп аударту арқылы материалдар аударту және аудармашының дауға қатысуына Қазпатент белгілеген төлем ставкасы, фактілік көлемі және жұмсалған уақытына кеткен шығындарды шағым арыз алқасы белгілейді.

4.6. Осы Ереженің 4.4. т. қарастырылған шағым арыз шығындары шағым арыз дауының нәтижесіне қарамастан шағым арыз ісін қозғаған жаққа жүктелінеді.

Тәуелсіз сараптама жүргізу жөніндегі шығынды мүдделі тарап көтереді.

Арыз беруші шағым арыз процесіне әрі қарай қатысудан бас тартқан жағдайда заңда қарастырылған төтенше жағдайлардан басқа кездерде оның төлеген шағым арыз шығындары қайтарылмайды.

5. Процессуалдық мерзімдер

5.1. Шағым арыз Кеңесінің процессуалдық әрекеті Қазақстан Республикасы Патент заңы және Қазақстан Республикасының "Тауар таңбалары, қызмет көрсету және тауар шығу жерлерінің атаулары туралы" Заңымен белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

Процессуалды мерзімдер заңмен айқындалмаған жағдайларда олар Шағым арыз Кеңесімен (алқамен) белгіленеді.

5.2. Процессуалдық әрекет нақты күнтізбелік уақытпен белгіленеді міндетті түрде болуға тиіс жағдай немесе уақыт мерзімі көрсетіледі. Соңғы жағдайда әрекет бүткіл мерзім ішінде жасалынуы мүмкін. Жылдармен, айлармен немесе күндермен есептелетін процессуалдық мерзім оның бастауы болып белгіленген күнтізбелік уақыт немесе жағдайдың басталуымен басталады. Мерзімнің соңғы жұмыс күні емес уақытқа тап келген жағдайда мерзімнің аяқталған күні келесі күн болып есептелінеді.

5.3. Барлық өтпеген процессуалдық мерзімнің ағымы дау туралы іс тоқталысымен доғарылады. Дау жөніндегі іс қайта жалғастырылған күннен бастап процессуалдық мерзім ағысы да жалғастырылады.

5.4. Тараптардың өтініші бойынша Шағым арыз Кеңесі егер мерзім өткен сәттен бастап 12 ай өтпесе арыз беруші мемлекеттік баж салығын төлегеннен кейін өткізіп алынған мерзім қалпына келтірілді.

6. Шағым арыз қаралуы

6.1. Дауды қарау шағым арыз мәжілісінде дауға қатысушыларға хабарланып өткізіледі. Дауды қарау ауызша және шағым арыз алқасының өзгеріссіз құрамымен жүргізіледі. Алқа мүшелерінің бірі ауысқан жағдайда дауды қарау ең басынан басталуға тиіс.

6.2. Дауды қарауды осы Ережеде бекітілген тәртіппен үш адамнан тағайындалған шағым арыз алқасы жүргізеді. Алқа осы мәжіліс төрағасын сайлайды, ол алқа құрамын жариялап, шағым арыз процесіне қатысушылардың міндеттері мен құқықтарын түсіндіреді және оларға тиісті құқықтарының жүзеге асырылуына көмек көрсетеді.

6.3. Мәжілісте тараптар мен (немесе) олардың өкілдері, тәуелсіз сарапшылар (кеңесшілер) және процеске қатысушы басқа да адамдар тыңдалады. Өз түсініктерін олар алқада түрегеліп тұрып береді. Алқа әрбір тарапқа дауды шешу үшін кез келген қажетті дәлелдерін келтіруіне тең және толық мүмкіндік жасауға және дау жөнінде объективті, негізді және заңды шешім шығаруға барлық шараларды қолдануға міндетті.

6.4. Процеске қатысушылар дауды шешу басталғанға дейін егер шағым арыз алқасы мүшесінің жеке басы дау шешіміне тікелей немесе жанама мүдделі болса наразылық білдіруге құқылы. Егер осындай негіз процеске қатысушыға дауда қарау басталып кеткеннен кейін мәлім болған жағдайда кешірек өтініш жасауға да мүмкіндік беріледі. Назылық білдіру дәлелді әрі жазбаша түрде берілуге тиіс. Мүшеге қарсылық білдіру туралы мәселені Шағым арыз алқасының Төрағасы шешеді, әрі мұнда бір шағым арыз алқасы құрамында туысқандық қарым-қатынастағы, сондай-ақ бір-біріне бағынышты қызметтік қатынастағы адамдардың болмауы ескеріледі.

6.5. Шағым арыз процесіне қатысушы тараптар дауды шешу басталғанға дейін болмаса оны шешу кезінде тәуелсіз сарапшыға (кеңесшіге) немесе аудармашыға егер олардың жеке бастары тура немесе жанама түрде дау шешіміне мүдделі болса, сондай-ақ сарапшының (кеңесшінің) немесе аудармашының жарамсыздығы себепті наразылық білдіруге құқылы. Назылық білдіру дәлелді және жазбаша түрде білдіруге тиіс.

Назылық білдіру мәселесін Шағым арыз Кеңесінің Төрағасы шешеді.

6.6. Арыз берушінің ұсынған материалдарына немесе тараптардың кез келгенінен алқа материалдар талап еткен тараптар пікір білдірмеген жағдайларда дау алқаның қолындағы бар материалдар негізінде шешілуі мүмкін.

6.7. Шағым арыз алқасының мәжілісіне тараптардың өкілдері келмей қалған жағдайларда егер бұл келмеуі, алқаның пікірінше, дау шешіміне кедергі

жасамаса, келмеуі себепті жағдайда байланысты болғандықтан өз өкілінің қатысуынсыз даудың шешілуіне жазбаша наразылық білдірмесе дау олар жоқта да ш е ш і л у і м ү м к і н .

6.8. Егер дау шағым арыз алқасының осы мәжілісінде қаралуы мүмкін болмаса, ол дауды кейінге қалдыруға құқылы. Дауды кейінге қалдыру туралы алқа ұйғарым шығарады, онда келесі мәжілістің уақыты мен орны көрсетіледі.

6.9. Егер тараптардың бірі екінші тараптардың позициясын дәлелді және заңды деп жазбаша түрде мойындап, даудан бас тартса шағым арыз алқасы дау жөнінде істі доғарады. Дау жөніндегі істі доғару туралы алқа ұйғарым шығарады. Осы тараптар арасындағы сол дау жөнінде, сол тақырыпта және сол негізде Шағым арыз Кеңесіне қайта жүгіну осы дауды шешу үшін жеткілікті маңызы бар жаңадан жағдайлар айқындалған кезде ғана мүмкін болады.

6.10. Дауды тікелей шешу кезінде алқа шешім шығарады. Шешім даудың барлық жағдайларын талқылау нәтижесі бойынша қазіргі заң фактілік жағдайлар мен іс материалдары негізінде мәжілісте қабылданады.

6.11. Шешім шағым арыз алқасы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Жазбаша түрдегі шешімге барлық алқа мүшелері қолдарын қояды.

Шешімге келіспеген алқа мүшесі жазбаша түрде түсірген ерекше пікірі жарияланбастан іске тігіледі.

6.12. Шағым арыз алқасының шешімі кіріспе, сипаттама, дәлелдеме және нәтижелік бөлімдерден тұрады, мұнда:

6.12.1. Кіріспе бөлімінде:

- іс нөмірі;
- шешім қабылданған уақыты;
- шағым арыз алқасының құрамы;
- процеске қатысушы тараптар өкілдерінің аты-жөні;
- дауды қарауға қатысқан басқа да адамдар көрсетіледі.

6.12.2. Сипаттама бөлімінде:

- арыз беруші талабының қысқаша баяндалуы;
- екінші тарап пікірінің қысқаша баяндалуы;
- тараптардың және олардың өкілдерінің түсініктері мен өтініштерінің қысқаша баяндалуы;
- дауды қарауға қатысушы басқа адамдар түсінігінің қысқаша баяндалуы;
- шағым арыз алқасы жүргізген әрекеттің сипаттамасы болуға тиісті.

6.12.3. Дәлелдеме бөлімінде:

- шағым арыз алқасы анықтаған даудың мәнісі;
- тараптардың өтініші мен дәлелдерін сол бойынша шағым арыз алқасы қабылдаған немесе кері қайтарған дәлелдері;

- шешім қабылдау кезінде шағым арыз алқасы басшылыққа алған заңдар көрсетіледі.

6.12.4. Нәтижелік бөлімде оларды қанағаттандыру, немесе қанағаттандырудан толықтай немесе жартылай бас тарту туралы мәлімделген талаптар бойынша қорытынды болуға тиіс.

шағым арыз алқасының қорытындысы қандай да болмасын жағдайлардың туу яки тұмауына тәуелді болмауға тиіс. Шартты шешімдер жіберілмейді.

Мәлімделген талаптар қанағаттандырылған жағдайда нәтижелік бөлімде дау пайдасына шешілген тараптың атауы көрсетіледі.

Нәтижелік бөлімде тараптар арасында шағым арыз шығындарының бөлінуі т у р а л ы к ө р с е т і л е д і .

6.13. Қабылданған шешімді осы мәжілісте төрағалық еткен алқа мүшесі жариялайды. Ерекше күрделі жағдайларда шешімнің тек нәтижелік бөлімі ғана жарияланады, ал шешімнің өзін шағым арыз алқасы үш күндік мерзім ішінде рәсімдеуге тиісті. Шешімді жариялау кезінде тараптарға шешімнің заңдылығы мен дәлелдігін тексеру туралы арыз беру тәртібі түсіндіріледі.

6.14. Дауды шешу кезінде Қазпатент қызметкерлері әрекеттерінен заң бұзушылық байқалған жағдайларда шағым арыз алқасы Қазпатентте қабылданған заңдар, нормалар, әдістемелер мен процедураларды жетілдіру жөніндегі дәлелді ұсыныстарын Шағым арыз Кеңесінің төрағасына жолдауға қ ұ қ ы л ы .

6.15. По результатам рассмотрения спора апелляционная коллегия вправе направить председателю Апелляционного Совета свои мотивированные предложения по совершенствованию действующего законодательства, норм, методики и процедур, принятых в Казпатенте.

Ескерту: 6.15-тармақтың аудармасы болмағандықтан мәтіні орысшада беріліп отыр.

6.16. Шағым арыз алқасының шешімдері мен ұйғарымдары дау қаралғаннан кейін он күн өткен соң тараптар өкілдерінің қолдарына беріледі немесе жіберіледі.

7. Шағым арыз алқасы шешімдерінің заңдылығы мен дәлелдігін тексеру

7.1. Тараптар шағым арыз Кеңесінің төрағасына шағым арыз алқасы шешімінің заңдылығы мен дәлелдігін тексеру туралы арыз беруге құқылы. Арызда шешімнің заңдылығы мен дәлелдігін тексеру туралы мәселе қойылатын негіздер көрсетілуге тиіс.

7.2. Шағым арыз Кеңесінің Төрағасы шағым арыз алқасы шешімінің заңдылығы мен дәлелдігін тексеру туралы арызды түскен күнінен бастап бір ай мерзім ішінде қарайды.

7.3. Шешімнің заңдылығы мен дәлелдігін тексеру туралы арызды қарау нәтижесі бойынша Шағым арыз Кеңесінің Төрағасы өзінің дәлелді қаулысымен шешімнің заңдылығы мен дәлелдігін бекітуге немесе арыздың дәлелдерімен келісе отырып, шағым арыз алқасының шешімін бұзуға және дауды өзге құрамдағы шағым арыз алқасына қайта қарауға жолдауға қақылы.

7.4. Шешімнің өзгертілуіне болмаса бұзылуына негіз болатындар:

- дау бойынша жағдай мәнісінің толық анықталмауы;
- шағым арыз алқасы дәлелді деп тапқан дауды дұрыс шешуге айтарлықтай

мәні бар жағдайлардың толық дәлелденбеуі;

- дау жағдайы шешімінде баяндалған қорытындылардың сәйкес келмеуі;

7.5. Дау қайта қаралған жағдайда арыз шағым алқасы дау мәнісі бойынша түпкілікті болып табылатын шешім шығарады.

7.6. Шағым арыз Кеңесі (алқасы) шешімімен келіспеген жағдайда тараптар сотқа жүгінуге құқылы.

Егер соттың талабы бойынша Шағым арыз Кеңесі нақтылы дау бойынша барлық қажетті материалдарды сотта қарауға тапсырса, мұндай жағдайда өздеріне мәлім болған мәліметтердің құпиялылығын сақтау міндеті Шағым арыз Кеңесінен алынып тасталады.

Оқыған:

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК